

Елімізге ем ізген келетіндер көбейді




3-БЕТ

Көркем тәржімаға ерекше көңіл бөлу керек



6-БЕТ

Нашақордың өкініші...



8-БЕТ



• СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

# ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№20 (3649)  
12 наурыз 2024



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫНА «КИЕЛІ ГЕОГРАФИЯ» СЕП



Еліміздің туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес Қазақстан ЖІӨ-дегі туризм үлесін 2025 жылға қарай кемінде 8 пайызға дейін жеткізуі керек. Қазіргі таңда бұл бағытта көптеген жұмыстар жолға қойылып жатыр. Рас, COVID-19 пандемиясы елімізге келетін туристер санының азаюына айтарлықтай ықпал етті. Дегенмен, былтыр шетелден 500 мың турист келіп, ковидтен кейінгі көрсеткіштің анағұрлым жақсарғанын байқатып отыр. Осы туристердің арқасында еліміздегі қонақүй-лер жарты жылда 99 млрд теңге табыс тапқан.

(Соңы 3-бетте)

Марат НҰРТАС,  
ХАТУ профессоры,  
Ионосфера институтының  
Спутниктік және геодинамикалық  
зерттеулер зертханасының  
меңгерушісі:

«ЖЕР СІЛКІНІСІ:  
ЖАСАНДЫ  
ИНТЕЛЛЕКТ  
КӨМЕГІНЕ  
ЖҮГІНЕТІН  
КЕЗ КЕЛДІ»

– Марат, соңғы кезде жер сілкінісін болжауға қатысты мақалаларыңыз бен БАҚ өкілдеріне берген сұхбаттарыңызды іздеп жүріп оқитын оқырманғаңыз құрт көбейген сияқты. Оның себебі неде?

– Қаңтардың 23-і мен наурыздың 4-індегі жер сілкінісі бүкіл отандасымызды елең еткізді. Өйткені, еліміздегі ең ірі мегаполис Алматыда әрбір қазақстандықтың бір туысы, болмаса дос-жараны, құда-жегжаты секілді өзге де жақын адамдары тұрады. Сондықтан мұндағы әрбір төтенше жағдайға бүкіл қазақстандық құлақ түріп, елеңдеп отыр. Сол себепті, сейсмолог болмасам да, ғылыми-зерттеу жұмысымыз осы салаға тікелей қатысты және бұрыннан айналысып келген есептеріміз осы геофизиканың ішіндегі сейсмикалық толқындардың таралуы, т.б. қасиеттерін зерттеумен тікелей байланысты еді.

Осы жер сілкінісіне қатысты зерттеулеріміз, мақалаларымыз жер сілкінісі болғанға дейін де болған еді, бірақ жазған, айтқан, келтірген дәлелдеріміз бен соңғы жер сілкінісі жағдайларында біраз сәйкестіктер болғандықтан, кейбір оқырманға ұнап, ой салып жатса, оған біз де қуанамыз. Өйткені, әрпітестеріміз бірге айналысып жатқан зерттеу жұмысымызға деген қызығушылықтың жай ғылыми мақала ретінде қалып қоймай, халықтың аз да болса пайдасына тиіп жатқаны мені қатты қуантады. Зерттеуімізді шетелдік ғалымдардың ғана емес, өзіміздің қоғам өкілдерінің талқылап жатуы еңбегімізді үздіксіз дамытуға шабыт берері анық. Біз жер сілкінісін бұрынғы дәстүрлі тәсілдерден бөлек, қазіргі таңда жаңа тәсіл болып саналатын жасанды интеллект (Artificial Intelligence), соның ішінде статистикалық деректерді машиналық оқыту (Machine learning) және терең оқыту (Deep learning) моделдеріне енгізу арқылы болжаумен айналысып жүрміз.

(Соңы 5-бетте)

• СҰРАНЫЗ! ЖАУАП БЕРЕМІЗ!

## ЛИЦЕНЗИЯДАН АЙЫРЫЛҒАН МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫНА ҚАРЫЗДЫ ҚАЙТАРУ КЕРЕК ПЕ?

Түрлі жайттарға қатысты МҚҰ лицензиясынан айырылып жатады. Бұл ұйымның уақытша немесе толық қызметінің тоқтауына алып келуі мүмкін. Мысалы, осы мәселені реттейтін Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі биыл 5 ұйымды лицензиясынан айырды. Агенттіктің бұйрығы бойынша осы жылдың 23 ақпанынан бастап: «SF Offline», «Express Аванс», «Hava Finance», «POS Credit», «Салем Кредит» микроқаржылық ұйымдары лицензиясынан айырылып, 3 ай мерзімге қызметін тоқтатты. Дегенмен, бұл борышкер үшін берешекті өтемеуге болады деген сөз бе? Анықтап көрелік.

Біріншіден микроқаржы ұйымдары не үшін лицензиясынан айырылуы мүмкін соны саралап көрелік. «Микроқаржылық қызмет туралы» заңды ашып, 16-бапты оқитын болсақ, осы туралы бар детальді көрсеткен. Сонымен МҚҰ лицензиясынан:

- 1) Бекітілген стандарттар мен нормаларды бұзғаны үшін;
- 2) Ұлттық банкке уақытылы есептік көрсеткіш ұсынбағаны үшін;

- 3) Жалған есептік көрсеткіш өткізгені үшін;
  - 4) Уәкілетті органның жазбаша нұсқасын орындамағаны үшін;
  - 5) Тексеріс жүргізуге кедергі келтіріп не жалтарғаны үшін;
  - 6) Микроқаржылық ұйым ашар кезде жалған құжаттар жасағаны анықталған кезде;
  - 7) Жұмыс принципі бұзылып кемшіліктер артқанда және т.б. кезде айырылады.
- Ал лицензиясынан айырылған МҚҰ шешім



шыққан күннен бастап 30 күн ішінде өз атауынан «микроқаржылық ұйым», «ломбард», «кредиттік серіктестік» аббревиатурасын алып тастап, сол күннен бастап ақша беруді және осыған дейін жасасқан қаржы келісімдерін өзгертуді тоқтатуы керек. Яғни, сіздің бұл ұйымда берешегіңіз болса, сіз оны содырға не қайта қаржыландыра алмайсыз деген сөз.

Ендігі басты сұрақ, «микроқаржы ұйымы лицензиясынан айырылды деп қарызды өтемеуге бола ма?». «Микроқаржылық қызмет туралы» заңның 9-бабы бойынша: МҚҰ-ның лицензиясынан айырылуы, борышкерлерді ұйым алдындағы өз міндеттерін толық көлемде әрі уақытылы орындаудан босатпайтынын біле аламыз.

Сол себепті де егер МҚҰ алдында берешегіңіз болса, босаңсудың және микрокредит бойынша жоспарлы төлемді кейінге қалдырудың жөні жоқ. Оның соңы өсім пайызы мен кредиттік тарихтың құлыпталуына алып келуі мүмкін. Қандай жағдай болмасын МҚҰ алдындағы міндеттемелерді орындамаған жағдайда, микрокредит беру туралы жасасқан шарттар талаптарына сәйкес жауапты болатынымызды ұмытпау керек.

Нұрбол ЖЫЛЫС,  
«Заң газеті»

• ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ

# СУҒА КЕТКЕН ҚАРАЖАТ ҚАЛАЙ ЖҰМСАЛАДЫ?

**2024 жылдың 1 наурызында қаладағы Пазиков көшесінде диаметрі 1000 миллиметрлі су құбыры жарылды. Осы апатқа байланысты қаланың бірнеше шағынауданының тұрғындары сусыз қалды. «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-не хабарласқанымызда, жағдайға себеп болған су құбырының ескіруі және коррозиясы деп түсіндірді.**

Сумен қамту саласында проблемалар жеткілікті. Мысалы, «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС балансындағы су жүйелерінің 60%-ы ескі. Бұл дегеніміз, 1929 шақырымдық құбырдың жарты бөлігінде кез келген уақытта апат болуы мүмкін дегенді білдіреді. Адамдардың біраз уақыт сусыз қалуы аса үлкен проблема емес. Апат бола қалса, коммуналды және жол инфрақұрылымы бұзылады, аулаларды су басады және тұрғын үйлер бұзылуы мүмкін. 1998 жылдан бері тозығы жеткен желілердің тесіліп, су кетуінің салдарынан 23 үй қирап, ондаған жертелені су басқан. Мұның бәрі, бірінші кезекте, кәсіпорынға түсетін орасан қаржылық шығын.

Кейбір тұтынушылар «неге жөндеуді уақытылы жүргізбейді, тарифте желілерді жаңартуға қаражат қарастырылған емес пе?» деп сұрайды. Еуропалық қайта құру және даму банкі сияқты қамту және су бұру (кәріз) тарифтері көп жағдайларда операторлардың опе-

рациялық шығындарын өтемейді. Біздің қалада орташа тариф – 148,16 теңге. Ол операциялық шығындарды, ағымдағы жөндеу және қызмет көрсету бойыншаның бір бөлігін ғана жабуға жетеді. Бұл тариф негізгі операциялық шығындар мен инвестициялық қажеттіліктерді жабуға жеткіліксіз. Мұндай қаржымен үлкен көлемде және аз уақыт ішінде жағдайды түзетуі мүмкін емес. Оның үстіне, соңғы жылдары Шымкентте сумен қамту және су бұру тарифі жасанды түрде төмендетіліп келді.

2012 жылы Ұлттық экономика министрлігінің тапсырысы бойынша, Шымкентті қоса алғанда республиканың 55 қаласында «Ақ бұлақ» бағдарламасы үшін сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне техникалық сараптама жүргізілді. Оның нәтижесі «инвестициялар негіздемесін» әзірлеуге негіз болды. Ол сумен жабдықтау және кәріз қызметіне тарифті есептеу үшін де жасалды. Яғни, тарифке желілерді қайта құруды қаржыландыру және коммуналды инфрақұрылымның тозу деңгейін төмендету көзіне айналатын инвестициялық компонент салынады деп болжанған еді. Өйткені, коммуналды қызметтің басқа құралы жоқ. Су құбыры және

кәріз желілерінің тозуын анықтайтын зерттеулер республикалық бюджеттен қаржыландырылды. Мемлекеттік сараптамадан өткен құжат бойынша, сол кезде Шымкентте 924 км су құбыры және кәріз желісін ауыстыру қажет деп нақтыланды. Ал, іс жүзінде тек 190 шақырым су құбыры және кәріз желілері ауыстырылды, бұл желінің 20,6%-ы ғана қайта жаңартылды деген сөз. «Ақ бұлақ» бағдарламасы науқандық болып шықты.

Осы ретте Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «коммуналды желілердің тозу деңгейін 15%-ға төмендету қажет» деп нақты тапсырма берді. Сумен жабдықтау және су бұру қызметін көрсетуші кәсіпорын бұған инвестициялық бағдарламасының арқасында ғана қол жеткізе алады. Бағдарлама ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінде және қала әкімдігінде бекітілуі тиіс. Біздің білуімізше, 2024–2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламада «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС сумен жабдықтау және су бұру желілерін қайта жаңартуға 9,2 миллиард теңге қарастырды. Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерін іске асырып, Шымкенттегі

су құбыры желілерінің тозуын азайту мемлекеттік органдардың қандай қаражат бекітетініне тікелей байланысты. Біздер, тұтынушылар қаламызда су тапшылығы болмай, тәулік бойы сапалы су болғанын қаласақ, онда қолданыстағы инфрақұрылымға инвестиция салу керектігін түсінуіміз керек. Өйтпесе, біздің балаларымыз бен немерелеріміз сумен қамтудың жаһандық проблемаларына тап болуы мүмкін!

Айта өтейік, 2024 жылғы 28 ақпанда «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-нің инвестициялық бағдарламасын бекіту жөніндегі қоғамдық тыңдау өтті. Шымкент қаласы бойынша тарифтік саясат жөніндегі кеңес табиғи монополиялар саласындағы тарифтік реттеу мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның мүшелері кәсіпорынның сумен жабдықтау және су бұру желілерін қайта құру жөніндегі ұсыныстарын қолдады.

**Берім ТӨЛЕНТАЕВ,**  
Тұтынушылар құқығын қорғау қоғамының төрағасы,  
Шымкент қаласы бойынша тариф саясаты мәселесі жөніндегі кеңестің табиғи монополиялар саласындағы тарифтік реттеу бойынша аймақтық комиссия өкілі

• БАҒДАР

# ӘДЕП НОРМАСЫН САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

**Әдеп кодексі жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу мен жауапкершілік деңгейін арттыруға бағытталған. Мемлекеттік қызмет жүйесінде әдеп нормаларын сақтау ерекше орын алады.**

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексіне сәйкес, мемлекеттік қызметші қарапайым, адал, әділ болуы, жалпы қабалданған моральдық этикалық нормаларды сақтауы, азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуы тиіс. Өйткені, мемлекеттік қызметшілердің бойында осы моральдық ұстанымдардың болмауы түбінде жағымсыз құбылыстарға, құқық бұзышылықтарға, жемқорлыққа алып келеді. Мемлекеттік қызметші өз қызметінде мемлекеттік қызметтегі мінез-құлық қағидаларын реттейтін Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін басшылыққа алуға міндетті.

Қызметтен тыс уақытта да мемлекеттік қызметші қабылданған әдептік нормаларын сақтауы, азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық пен

әдептілікті ұстануы қажет. Мемлекеттік қызметші жан-жақты дамыған тұлға болуы тиіс және үнемі салауатты өмір салтын ұстануы, отбасы құндылықтарын насихаттауы қажет деп санаймын. Әдеп кодексі халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара жоғары мәдениет қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуына бағытталған. Бүгінгі күні мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез-құлқына үлкен мән беріледі.

Мемлекеттік қызметші әрқыз қызмет көрсетудің жоғары талаптарына сай болуы тиіс. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі нормаларын сақтауы үнемі Әдеп жөніндегі уәкілдің назарында.



**Д. ДЕРГАНОВА,**  
Сот әкімшілігінің  
Ақтөбе облысы бойынша  
Департамент басшысының  
орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл

Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші.

• ЖОБА

# «БАҚЫТТЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ»

Атырау облысында прокуратура, полиция және басқа да құзырлы органдар «Бақытты және қауіпсіз балалық шақ» жобасын жүзеге асыруда. Онда прокуратура, полиция, қорғаншылық және қамқоршылық, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау және басқа да мүдделі органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мен психологтардың қатысуымен мобильді топтар құрылған. Балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған жобаның негізгі мақсаты қауіп төнген немесе зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды анықтау.

Мобильді топтар өткен айда тұрмыстық қиын жағдайда қалған 50-ден астам отбасына барып, көмелетке толмағандар арасында қайыр сұраудың 2 фактісін анықтады. Көмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және оған білім беру, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді орындамауға қатысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 127-бабының 3-бөлігі бойынша ата-аналарға әкімшілік хаттама жасалды. Сондай-ақ, көмелетке толмағандар-

дың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта тұрғынжайдан тыс жерде болуына қатысты 23 жағдай бойынша да кодекстің 442-бабына сәйкес әкімшілік хаттамалар толтырылды.

«Бақытты және қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында Атырау қаласының 67 мектебі мен 13 колледжінде смартфон камерасын QR-кодқа бағыттау арқылы прокуратура сайтына онлайн-хабарлама жіберу үшін жағдайлар жасалған. Оның көмегімен оқушылар мен ата-аналар көмелетке толмағандардың құқықтарын бұзу фактілері немесе басқа да проблемалар туралы хабарлайды. Жобаға тек Атырау қаласының ғана емес, облыстың барлық тұрғындары қатыса алады.

Жалпы, Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, Атырау облысында 3 жоғары оқу орны, 26 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы, 196 мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп бар.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
«Заң газеті»

ТАРАТУ

2. «ЭльГауч» ЖШС, БСН 230640038709, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күнінен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Абай даңғылы, 160 ғимарат, 74 пәтер. Тел. 87772396850.

3. «BAS Oil Group» ЖШС, БСН 231240005364 (010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 19 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 19 үй, 78 пәтер. Тел. 87788742994.

5. «Tamak Projects» ЖШС, БСН 200940010136, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 160000, Шымкент қаласы, Абай ауданы, Темірлан тасжолы көшесі, 1А ғимарат, 3 корпус. Тел. 87773298456.

9. «Жер кіндік» ЖШС, БСН 010940011801, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Торбай би көшесі, 18 үй. Тел. 87051773773.

ӨРТІҮРІШ

4. «Пржевальское» ЖШС, БСН 990140005907, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Мүзбел ауылы, «Пржевальское» ЖШС кеңсесі.

7. «Қуандық және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 181040003696, «SIP Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, БСН 020140003447, қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, 5 ықшамаудан, 14 үй, 1 пәтер.

8. «Завод дорожных знаков» ЖШС, БСН 060540001690 (әрі қарай – Серіктестік), 12.04.2024 ж. 12.00-де Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Қазыбаев көшесі, 1 үй, 300 кабинет мекенжайында қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.

Күн тәртібінде:  
– Серіктестіктің бас директорының өкілеттілік мерзімін ұзарту;  
– Серіктестіктің атқарушы органына автокөлікті/техниканы несиеге, лизингке алу және осы мақсаттарға қаржы алу өкілетін беру.

10. «Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімінің әдістемелік кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 970240002448, Ақмола облысы әкімдігінің 29.11.2023

жылғы № А-12/550 қаулысы негізінде «Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Жақсы ауылы, Абай көшесі, 33Б.

11. Астана қаласы, Есіл ауданы, Е-128 көшесі, 16а үй, 215 пәтерде тұратын Жайкенова Айжан Алтынбековна, 1961 жылы 24 наурызда туған, Карамендин Алтынбек Қасынбековичті хабарсыз кетті деп жариялау туралы арызбен Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына жүгінді. Карамендин Алтынбек Қасынбековичтің жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты білетін адамдардың осы жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына мына мекенжай бойынша хабарлауды сұраймыз: Астана қаласы, Г.Алиев көшесі, 6, тел. 87086989388.

МҰРАҒЕРЛІК

6. 08.03.2023 жылы қайтыс болған Дуйсебаев Асылбек Жанабек-ковичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер нотариус Ф.К. Камалға келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 30/63. Тел. 87242708005.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,  
8 (708) 929-98-74  
E-mail:  
zanreklama@mail.ru

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**  
«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.  
ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22.  
E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.  
«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).  
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com  
ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.  
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.  
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.  
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04  
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисыңұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.  
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.  
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы). Тел.: 8-714-210-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.  
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.  
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.  
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7120) 50-47-34.  
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.  
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.  
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78  
ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.  
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.  
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.  
ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.